каны несиелеуде коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлемі 13,1 трлн. теңге болып, 2017 жылмен салыстырғанда 3% ұлғайған болатын. Басқаша айтқанда, коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлемінің жылдан жылға артуы экономикалық агенттердің ақшалай қаражаттарға деген нарықта орын алған сұраныс пен ұсынысын қанағаттандыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы банктік сектордың несиелік қоржыны мен мерзімі өткен берешегі бар несиелер ауытқуы



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетендері деректерінің негізінде құрастырылған [9-11].

3-сурет мәліметтері, шын мәнінде, экономиканы несиелеуде коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлемінің артқанын көрнекі түрде көз жеткізуге мүмкіндік береді. Ал корпоративтік тұлғаларға берілген банк несиелері төмендеуді бейнелеп тұрғанын

көрсетеді. Коммерциялық банктер берген берешегі бар несиелері 2019 жылы 1,2 трлн. теңгені құрады, бұл жалпы несиелік қоржынның 8,1%-ы болып табылады [9-11].

Қазақстан Республикасы банктік сектордың несиелік қоржын көрсеткіштері

	2017	2018	2019
Коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлемі, трлн. теңге	12,7	13,1	13,9
Коммерциялық банктердің несиелік қоржынының өсім қарқыны, %	99,9	103,0	106,1
Корпоративтік тұлғаларға берілген банктік несиелер, трлн. теңге	8,2	7,8	7,2
Корпоративтік тұлғаларға берілген банктік несиелер өсімінің қарқыны, %	94,2	95,4	92,3
Коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлеміндегі корпоративті клиенттерге берілген несиелер үлесі, %	64,3	59,5	51,8

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетендері деректерінің негізінде құрастырылған [9-11].

1-кестенің деректеріне сүйенетін болсақ, 2017-2019 жылдары аралығында коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлемі тұрақты түрде өсіп келе жатқаны байқалады. Бірақ мұндай өсім корпоративті клиенттерге берілген банктік несиелерге қатысты емес. Өйткені заңды тұлғаларға берілген банктік несиелер көлемі жылдан жылға төмендеп келеді. Дегенмен, 2019 жылғы төмендеу «Цесна Банк» акционерлік қоғамын қалыпқа келтіру аясында банктің несиелік қоржынының агроөнеркәсіп саласына қарасты бір бөлігін есептен шығарумен байланыстырылады. Сонымен қатар коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлеміндегі корпоративтік тұлғаларға берілген несиелер үлесінің басымдылығы біртіндеп ортайғандығы коммерциялық банктердің жеке тұлғаларды несиелеуді арттырғанын, бұл бағытта коммерциялық банктердің бөлшек несиелеу мен тұтынушылық несиелеу шарттарын барынша қарапайым қылғандығын көрсетеді. Яғни


коммерциялық банктердің жеке тұлғаларға берілетін несиелерінің жаппай қолжетімділігімен түсіндіруге болады. Ал енді, 2020 жылғы дағдарыс жағдайында коммерциялық банктердің несиелік қоржынының жалпы көлемі де, корпоративті клиенттерге берілген банктік несиелер көлемі де мардымсыз болатыны анық.

2019 жылы экономиканы несиелеуде коммерциялық банктер алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,9% артып 13,9 трлн. теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің мәні жылдан жылға тұрақты өсімді көрсетуде.

Корпоративтік банктік несиелеуді қарастырғанда шаруашылық етуші субъектілердің қызмет ету аясын, қай салада қызмет ететіндігін назардан тыс қалдырмау керек. Несиелік қоржынның құрылымын экономика салаларына байланысты сипаттасақ, банктік несиелердің көпшілігін өндірістік емес салада қызмет ететін кәсіпорындар тұтынған (2-сурет) [9-11].

4 сурет

Экономика салалары бойынша берілген банктік несиелер




Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетендері деректерінің негізінде құрастырылған [9-11].

Өндірістік салаларға бағытталған банктік несиелердің өзі де сәл төмендеумен сипатталады. Мәселен 2017 жылы өнеркәсіпке несиелік қоржынның жалпы сомасының 15,6%-ы жұмсалса, 2019 жылы 13,6% құрап, 2% төмендеген. Мұндай сипат құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларында да орын алған. 2019 жылы тек қана көлік саласы 2017, 2018 жылдары байқалмаған несиелік белсенділік көрсетіп отыр. Уақыт факторына

назар аударатын болсақ, несиелік қоржынның жалпы сомасы бойынша ұзақ мерзімді несиелеу 2019 жылы 6,5% артып 11,8 трлн. теңгені, ал қысқа мерзімді несиелеу 2,7% артып 2 трлн. теңгені құрады.

Корпоративтік банктік несиелеуде берілген несиелердің валюта құрылымына қарап жіктейік [9-11]



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетендері деректерінің негізінде құрастырылған [9-11].


Несие беру объектілерінің басым бөлігі несиені ұлттық валютада алғанды жөн көретінін жоғарыдағы сурет деректері растап отыр. Бұл несиені алушылардың ұлттық валютаға деген нық сенімділігін білдіреді.

Коммерциялық банктердің берген несиелері бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме деңгейіне назар аударатын болсақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ресми мәліметтеріне сүйенсек, 2019 жылы банктік емес корпоративтік тұлғаларға ұлттық валютада берілген несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 2018 жылмен салыстырғандағы 12,4%-дан 12% дейін төмендеген. Ал 2018 жылы банктік емес корпоративтік тұлғаларға

ұлттық валютада берілген несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 2017 жылмен салыстырғандағы 13,6%-дан 12,4% дейін құлдыраған.

Тиісінше, 2017-2019 жылдар аралығында коммерциялық банктердің банктік емес корпоративтік тұлғаларға ұлттық валютада берілген несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 13,6%-дан 12% дейін азайып, барлық мүдделі корпоративтік тұлғаларға, яғни кәсіпорындар мен фирмаларға, түрлі шаруашылық етуші субъектілерге барынша ыңғайлы шарт ұсынғандығын көрсетеді (6-сурет) [9-11].

Ұлттық валютамен берілген банктік несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетендері деректерінің негізінде құрастырылған [9-11].

Коммерциялық банктердің несиелік белсенділігіне мерзімі өткен берешегі бар несиелердің болуы кері ықпалын тигізеді. Несиеге деген қомақты сұраныс коммерциялық банктердің несиелік қоржынында «нашар» ссудалардың тез өсуіне, одан әрі банктік сектордың зиян шегуіне әкелетіні белгілі [12].

Ал енді корпоративтік тұлғалар коммерциялық банктерден алған несиелерін қаншалықты өтеп жатқандығын, қаншалықты өз мерзімінде несиелік келісімнің шарттарын орындап жатқандығын нақтылайтын болсақ, төмендегі кестеге көз жүгіртейік.

Корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелері

	2017	2018	2019
Корпоративтік тұлғалардың банк несиелері бойынша мерзімі өткен берешегі бар несиелері, млрд. теңге	591,1	618,2	492,9
Корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелердің өсу қарқыны, %	101,86	104,5	79,7
Мерзімі өткен берешегі бар несиелердің банк берген несиелердің жалпы көлеміндегі үлесі, %	6,82	7,57	6,33

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетендері деректерінің негізінде құрастырылған [9-11].

2-кесте деректеріне сәйкес, зерттеліп отырған 2017-2019 жылдар аралығында корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемі 2019 жылы қалған екі жылмен салыстырғанда ең төменгі мәнге ие болды (429,9 млрд. теңге). Корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемінің төмендеуі коммерциялық банктер мен банктен несие алған шаруашылық етуші субъектілердің арасындағы ұтымды байланыстың орын алуымен, тиімді несиелік саясаттың жүргізілуімен түсіндіріледі. Корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелердің өсу қарқыны сәл өсіп, 2019 жылы ең төмен көрсеткішті көрсетті. Корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелердің банк берген несиелердің жалпы көлеміндегі үлесі де қысқару тенденциясын сипаттауда.

Жалпы алғанда корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемі бірде өсіп, бірде төмендеп, нақты бір бағыттылыққа ие емес. Яғни корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемі нақты тұрақтылық тенденциясын сипаттамайды. 2019 жыл корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемі азайғандығын көрсеткенмен 2020 жыл корпоративтік тұлғалар үшін де, жалпы мемлекет үшін де оңай болмайтындығы анық.

Қорытынды мен ұсыныстар

Жүргізілген зерттеу барысында келесі ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды жасауға болады.

Коммерциялық банктер еліміздің ұлттық экономикасының маңызды элементі болып табылады. Коммерциялық банктер қаржылық активтерді инвесторлардан қаржылық тапшылыққа тап болған шаруашылық субъектілерге жеткізуді қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Корпоративтік банктік несиелеудің экономикалық өркендеу мен экономикалық тұрақтануға тигізетін ықпалы зор. Уақытша бос ақшалай қаражаттарды дамуды талап ететін салаларға бағыттау мен шоғырландыруды қамтамасыз ететін коммерциялық банктер корпоративтік тұлғаларға қажетті қаржылық ресурстарды жеткізуші болып табылады. Еліміздің экономикасының одан әрі өркендеуі отандық коммерциялық банктердің кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін қаржыландыру көзі болу қабілеттілігіне тікелей байланысты.

2017-2019 жылдар аралығында корпоративтік тұлғаларды несиелеу құрылымы мен құрамы бойынша жүргізілген зерттеу банктердің несиелік белсенділігінің тұрақты өсіммен келе жатқанын аңғартады. 2019 жылы экономиканы несиелеуде коммерциялық банктер алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,9%-ға артып 13,9 трлн. теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің мәні жылма-жыл тұрақты өсімді көрсетуде. Коммерциялық банктердің несиелік қоржынының өсім қарқыны өссе де, корпоративтік клиенттерге берілген банктік несиелер өсімінің қарқыны төмендеуде. Бұл корпоративтік клиенттерге берілген банктік несиелердің жылдан жылға азайып жатқанын көрсетеді. Оның үстіне корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемі 2019 жылы қысқарғанмен жалпы жағдай тұрақсыз. Банктік несиелеу көлемі ұлғайғанмен экономиканың нақты секторында қызмет ететін корпоративтік тұлғалардың көптеген мәселелері шешімін күтуде. Өйткені банктік несиелердің басым бөлігі табысты болып табылатын өндірістік емес салаларды несиелеуге және бөлшек сауданы несиелеуге тартылған.

Экономиканы несиелеуге тартылған банктік несиелердің қомақты бөлігі өндірістік емес салалардың кәсіпорындары мен ұйымдары арасында орналастырылған. Несиелік қоржынның жалпы сомасы бойынша ұзақ мерзімді несиелеу 2019 жылы 6,5% артып 11,8 трлн. теңгені, ал қысқа мерзімді несиелеу 2,7% артып 2 трлн. теңгені құрады. Банктік несиенің басым бөлігі ұлттық валютада берілген, яғни несие алушылар үшін ұлттық валюта ыңғайлы және оған сенімнің жоғары екендігін білдіреді. Коммерциялық банктердің берген несиелері бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме деңгейі жылдан жылға төмендеп келеді. Пайыздық мөлшерлемені төмендету саясатын ұстану корпоративтік банктік несиелеуде өз жемістерін әкелуде. Негізінен корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемі 2019 жылы ең төмен мәнге ие болғанымен, ол нақты бір бағыттылықты сипаттамайды.

Несиелік тәуекелдерді қысқарту мақсатында банктер несие алушының төлем қабілетіне, кепіл өтімділігіне және т.б. талаптарды күшейтуде. Мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемінің мардымсыз төмендеуі банктік менеджменттің жоғарылауымен және Ұлттық Банктің саясатымен байланысты.

2017-2019 жылдары аралығында корпоративтік банктік несиелеу мәселесін зерттеу барысында оның келешекте белсенді дамуы үшін келесі ұсыныстар әзірленді:

- отандық коммерциялық банктердің несиелік саясатын жетілдіру: экономиканың басыңқы салаларында қызмет ететін корпоративтік тұлғаларға, ұзақ

мерзімді инвестициялық жобаларды жүзеге асырып жатқан шаруашылық субъектілеріне ыңғайлы несиелеу шарттарын ұсыну;

- мерзімі өткен берешегі бар несиелер көлемінің жалпы несиелік қоржын ішіндегі үлесін сапалы шараларды жүзеге асыру арқылы қысқарту.

Әдебиеттер:

1. Банковское дело: учебник / ред. Г.С. Сейткасимов. 2-е изд. дополненное и переработанное / Астана 2007, стр.640
2. Уразова С.А. Кредитная поддержка предприятий банками развития: российский и зарубежный опыт / Финансовые исследования №4 (57) 2017
3. Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы / Оқулық / Алматы 2006, 300 бет
4. Абузярова Э.Р. Анализ роли коммерческих банков в кредитовании реального сектора экономики / Евразийский союз ученых 2015 №9-1, стр.21-25
5. Лаврушин О.И. Деньги, кредит, банки / Экспресс-курс: учебное пособие / Под.ред. О.И. Лаврушина / КНОРУС / 2016, стр.544
6. Дарибекова А.С., Оразбаева А.Г. Кредитная политика коммерческих банков Республики Казахстан в современных условиях: тенденции и пути оптимизации / Актуальные проблемы современности 2016 №2(12), стр.93-99
7. Нуртазина А.С., Даукенова Г.А., Акбергенова А.К., Акубаева А.К. Коммерциялық банктердің клиенттерін несиелеу барысындағы мәселелерді басқару (48-53) / Евразийский Союз Ученых.
8. Мақыш С.Б. Банк ісі / Оқулық / Издат-Маркет / Алматы 2007, 441 бет
9. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетені 2018 №1 (278)
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетені 2019 №1 (290)
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетені 2020 №1 (302)
12. Осторожкова А.С., Дорожкина Н.И., Федорова А.Ю. Проблема просроченной задолженности банков в условиях экономической нестабильности / Социально-экономические явления и процессы 2017 №5. Т.12, стр.119-124

Резюме:

Қазақстанның қазіргі дамуы барлық экономика салаларының, әсіресе басыңқы салаларының, қажетті деңгейде несиеленуін қажет етеді. Мұндай жағдайда елдің ұлттық экономикасындағы коммерциялық банктердің маңызы арта түседі. Бұл мақалада Қазақстандағы корпоративтік банктік несиелеудің қазіргі ахуалы банктік сектор қызметінің сапалық және сандық көрсеткіштеріне назар аудара отырып қарастырылды. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы банктік секторының несиелік қоржынының жалпы көлемі мен мерзімі өткен берешегі бар несиелері, корпоративтік тұлғалардың мерзімі өткен берешегі бар несиелерінің құрылымы мен валюта түрлері бойынша статистикалық мәліметтер қолданылып, сараптауға түсті. Корпоративтік банктік несиелеудің мерзімі мен пайыздық мөлшерлемесі бойынша тенденциялар анықталды. Корпоративтік банктік несиелеудің теріс тенденциялары мен отандық коммерциялық банктердің несиелік қызметін жетілдірудің негізгі бағыттары айқындалды. Қазақстандағы корпоративтік банктік несиелеудің ағымдағы ахуалына жүргізілген талдау негізінде қажетті ұсыныстар әзірленді.

Негізгі сөздер: коммерциялық банк, банктік сектор, корпоративтік банктік несиелеу, несиелік қоржын, мерзімі өткен берешегі бар несиелер.

Современное развитие Казахстана обуславливается необходимостью осуществления достаточного объема кредитования всех отраслей экономики, особенно приоритетных. В этой связи роль коммерческих банков в национальной экономике страны возрастает. В данной статье рассмотрено современное состояние корпоративного банковского кредитования в Казахстане, акцентируя внимание на количественных и качественных показателях деятельности банковского сектора. В процессе исследования использованы и проанализированы статистические данные по кредитному портфелю и просроченной задолженности банковского сектора Республики Казахстан, по структуре просроченной задолженности по корпоративным кредитам по видам валюты. Определены тенденции банковского корпоративного кредитования по срокам и размерам ставки кредитования. Установлены причины негативных тенденций корпоративного банковского кредитова-

ния и основные направления совершенствования кредитной деятельности отечественных банков. На основе проведенного анализа текущего состояния корпоративного банковского кредитования Казахстана даны соответствующие рекомендации.

Ключевые слова: коммерческий банк, банковский сектор, корпоративное банковское кредитование, кредитный портфель, просроченная задолженность.

Modern development of Kazakhstan is conditioned by the need to implement a sufficient volume of lending to all sectors of the economy, especially priority ones. In this regard, the role of commercial banks in the national economy of the country is increasing. This article examines the current state of corporate banking lending in Kazakhstan, focusing on quantitative and qualitative indicators of the banking sector. The research used and analyzed statistical data on the loan portfolio and overdue debt of the banking sector of the Republic of Kazakhstan, on the structure of overdue debt on corporate loans by type of currency. The trends of Bank corporate lending in terms of the terms and size of the lending rate are determined. The reasons for negative trends in corporate Bank lending and the main directions for improving the credit activity of domestic banks are identified. Based on the analysis of the current state of corporate Bank lending in Kazakhstan, appropriate recommendations are given.

Keywords: commercial Bank, banking sector, corporate Bank lending, credit portfolio, overdue debt.

Авторлар туралы мәлімет:

Дүйсенбаева Б.Б. - э.ғ.к., доцент, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Қаржы» кафедрасы (Ақтөбе қаласы)
Маулина Н.Х. - э.ғ.к., М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, «Экономикалық пәндер» кафедрасының профессор ассистенті (Алматы қаласы)

Қалтаев А.Қ. - э.ғ.к., М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, «Экономикалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қаласы)

JEL: G290

Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің несиелік әлеуетін талдау

М. Касимбекова, Н. Шайкенова

Кіріспе

Банк секторы елдің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл рөл экономиканың нақты секторында уақытша бос қаражаттардың үздіксіз қозғалысы үшін арна құру мүмкіндігімен айқындалады, ол негізгі қорларды жаңарту үшін қомақты инвестицияларды қажет етеді, сондай-ақ дағдарыстық құбылыстарды еңсеріп, тұрақты экономикалық өсу траекториясына енеді [1].

Банк секторының ел экономикасындағы рөлі туралы айта отырып, елдің ЖІӨ-дегі банк несиелерінің үлесінің төмендегенін атап өткен жөн. Бұл төмендеу көптеген сыртқы және ішкі факторлармен байланысты деп санаймыз, олар құнсыздану процестерін, қаржыландырудың жетіспеушілігін, жұмыс істемейтін қарыздардың, сыртқы міндеттемелердің өсуін және басқа да көптеген экономикалық және саяси факторларды қамтиды.

Зерттеудің негізгі әдістері

Зерттеу жұмысы кешенді, жүйелі талдау қағидаларына негізделі отырып, логикалық талдау, эксперттік бағалау, экономикалық талдау, бақылау, салыстыру, факторлық жүйелерді үлгілеу сияқты өзіндік әдістерінің көмегімен жүргізілді. Ақпараттық базаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінің деректері құрады.

Зерттеу нәтижелері және перспективалары

Қазіргі таңда несиелік портфель үлесі көрсеткіштерінің төмендеуі, экономиканы теңгерімсіз несиелеу нәтижесінде болып отыр.

2019 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 28 екінші деңгейлі банктер ұсынылған, олардың ішінде 14 шетелдік қатысатын банктер, оның ішінде 12 еншілес банк. Қазақстан Республикасының банк секторының құрылымы 1-кестеде келтірілген.

1 кесте

Қазақстан Республикасының банк секторының құрылымы

	2019
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	28
- жарғылық капиталға мемлекет 100% қатысатын банктер	1
- шетелдік қатысумен екінші деңгейдегі банктер	14
- екінші деңгейдегі еншілес банктер	12
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	1 960

Ескерту: Авторлар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері негізінде құрастырған [6].

Шетелдік банктердің болуына қарамастан, Қазақстанның банк секторы жоғары концентрацияға ие. Елде бес ірі банк басым: АҚ «Қазақстан Халық Банкі», АҚ «Сбербанк», АҚ «Kaspi Bank», АҚ «Forte Bank», АҚ «Банк Центр Кредит», олар жалпы нарықтың 60% алады. Бұл банктердің еншілес және

тәуелді ұйымдары арқылы зейнетақы, сақтандыру және лизинг нарығындағы үлестерінің барлығы бірдей.

Бүгінгі таңда 2-кестеде көрсетілгендей, Қазақстанның банк секторы елдің қаржы секторының ең үлкен және басым сегменті болып қала береді.

2 кесте

Банк секторының экономикадағы рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер динамикасы

	2017	2018	2019
ЖІӨ, млрд. теңге	44 345,0	58 242,9	67 668,4
ЖІӨ-ге қатынасы, %	57,6	42,1	38,6
Несиелік портфельдің ЖІӨ-ге қатынасы, %	35,0	22,7	21,1
Клиенттердің салымдары ЖІӨ-ге қатынасы, %	38,9	28,6	25,1

Ескерту: Авторлар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері негізінде құрастырған [6].

Кестеге сүйене отырып, ЖІӨ-дегі банк секторы активтерінің үлесі едәуір бөлікті құрайтыны белгілі болды. Несиелердің жалпы ішкі өнімге қатынасы 2017 жылы, 2018 және 2019 жылдары тиісінше 57,6%, 42,1% және 38,6% құрады.

Қазақстанның банк секторы банктердің шағын тобында активтердің жоғары шоғырлануымен сипатталады. Тиісінше, активтердің басым көпшілігі құны 1-суретте көрсетілген бес ірі банкте шоғырланған.

1 сурет

**2019 жылғы банктердің активтер бойынша рейтингі
(Қазақстан Республикасының ЕБД-нің активтерінің мөлшері)**

млрд. теңге



Ескерту: Авторлар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері негізінде құрастырған [6].

Активтердің жиынтық мөлшері бойынша абсолютті түрде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ көшбасшы болып табылады, оның активтері 2019 жылғы жағдай бойынша 8688,7 млрд. теңгені құрайды. 2019 жылғы активтер көлемі бойынша екінші ірі банк - АҚ «Сбербанк», - көрсеткіштің мәні 2199,5 млрд. теңге.

АҚ «Kaspi Bank» активтер бойынша алғашқы үштікті аяқтайды, оның көрсеткіштері мәні 2076 млрд. теңге.

Банк секторының қызметінде активті операциялардың орны ерекше болып табылады. Банк активтерінің құрылымы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Қазақстан Республикасының банк секторының жиынтық активтерінің құрылымы

	2017		2018		2019		2018 жыл	2019 жыл
	сомасы, млрд. теңге	үлесі, %	сомасы, млрд. теңге	үлесі, %	сомасы, млрд. теңге	үлесі, %	2017 жылға, өсім, %	2018 жылға, өсім, %
Қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттар	3 654,5	13,4	4 277,9	16,1	3 206,8	11,2	15,7	-24,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	1 168,2	4,3	963,8	3,6	2 157,6	7,6	-12,2	123,8
Бағалы қағаздар	3 326,2	12,2	4 943,8	18,6	5 730,1	20,1	48,6	16
Банк несиелері жән екері РЕПО операциялары	15 510,8	56,9	13 194,1	49,7	14 256,6	50,0	-15	8,05
Күрделі салымдар	300,3	1,1	304,9	1,1	437,1	1,5	1,53	43,3
Басқа активтер	3 302,0	12,1	2 840,6	10,7	2 750,2	9,6	-14	-3,1
Жалпы активтер (резервтерді (провизияларды) қоспағанда)	27 267,2	100,0	26 525,1	100,0	28 538,4	100,0	-2,8	7,6
Резервтер (провизиялар)	3 402	-	3 972,4	-	4 840,3	-	16,7	21,8
Жалпы активтер	25 561,2	-	24 538,9	-	26 118,3	-	-4	6,4

Ескерту: Авторлар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері негізінде құрастырған [6].

2019 жылды 2018 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің активтері 1579,4 млрд. теңгеге немесе 6,4%-ға ұлғайтылып, 26118,3 млрд. теңгені құрады: басқа банктерге орналастырылған салымдар 1193,8 млрд. теңгеге немесе 123,8%-ға өсті.

Көптеген банктер несиелік портфельін тез өсіруде, қазіргі нарықтық жағдай жақсаруда. Бірақ бұған қарамастан жекелеген банктердің несиелік портфельінің төмендеуі байқалды. Несиелік портфель бойынша 21 жетекші банктің ішінде 7 банк теріс динамиканы көрсетті – Ислам банкі «Заман-Банк» АҚ(-0,4), «Банк KassaNova» АҚ(-0,8), «Нұрбанк» АҚ(-4,8), «Азия КредитБанкі» АҚ(-11,2), «Еуразиялық банк» АҚ(-25), «Ситибанк Қазақстан» АҚ(-31,6), «Jysan Bank» АҚ(-280).

Жалпы, екінші деңгейлі банктердің экономикаға несиелік беруі ұлғаюда, клиенттер үшін қолайлы жағдайлар жасалуда, жаңа өнімдер ұсынылуда. Алайда, қазіргі экономикада көптеген банктер қатаң несиелік саясатын жүргізуге мәжбүр, бұл ресурсты несиелік берушілердің қарқынды өсуіне мүмкіндік береді[3].

Берілген заемдар бойынша несиелік портфельі шикізаттық емес саланың шоғырлануымен ерекшеленеді, ол айналымның жоғары деңгейімен сипатталады, ол негізінен сауда және қызмет көрсету салаларында болады және тезірек және жоғары кіріс әкеледі, бірақ түпкілікті өнімді құруға қатыспайды және нақты ЖІӨ жоғарылатпайды. Қазақстан Республикасының банк секторының несиелік портфельі (негізгі қарыз) 2019 жылы 14256,6 млрд. теңгені құрады, 2018 жылмен салыстырғанда 1062,5 млрд. теңгеге немесе 8,05%-ға өсті (4-кесте).

4-кесте

Қазақстан Республикасының банк секторының несиелік портфельінің құрылымы

	2017		2018		2019		2018 жыл	2019 жыл
	сомасы, млрд. теңге	үлесі, %	сомасы, млрд. теңге	үлесі, %	сомасы, млрд. теңге	үлесі, %	2017 жылға, өсім, %	2018 жылға, өсім, %
Несиелік портфель (негізгі қарыз), оның ішінде:	15 510,8	100	13 194,1	100	14 256,6	100	-15	8,05
Банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген несиелер	32,1	0,2	43,3	0,3	44,2	0,3	35	2,1
Заңды ұлғаларға берілген несиелер	6 553,5	42,3	3 663,9	27,8	3 932,5	27,6	-44,1	7,3
Жеке тұлғаларға берілген несиелер, оның ішінде	3766,6	24,3	4 798,1	36,4	5 914,6	41,5	27,4	23,2
Тұрғын үй салу және сатып алу үшін, оның ішінде:	1 107,0	7,1	1 329,8	10,1	1 746,8	12,3	20,1	31,3
Ипотекалық тұрғын үй заемдары	1 020,2	6,6	1 240,5	9,4	1 645,7	11,5	21,6	32,6
Тұтынушылық несиелер	2 547,5	16,4	3 420,1	25,9	4 088,0	28,7	34,2	19,5
Басқа несиелер	112,2	0,7	48,1	0,4	79,8	0,6	-57,1	66
Шағын және орта бизнеске несиелер (Қазақстан Республикасының резиденттері)	5 002,0	32,2	4 571,2	34,6	3 997,6	28,0	-8,6	-12,5
Кері РЕПО операциялары	156,5	1,0	117,6	0,9	367,6	2,6	-24,8	-212,5

Ескерту: Авторлар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері негізінде құрастырған [6].

Несиелік портфельдің негізгі үлесін заңды тұлғаларға берілген қарыздар алады –2017, 2018, 2019 жылдардағы көрсеткіштер бойынша 42,3%, 27,8%, 27,6% құрайды. Жеке тұлғаларға берілген несиелер 2017 жылы 24,3%, шағын және орта бизнеске берілген несиелер - 32,2% құрады.

2018 жылы заңды тұлғаларға берілген несиелер 2019 жылмен салыстырғанда 268,6 млрд. теңгеге немесе 7,3%-ға өсті. Жеке тұлғаларға берілген несиелер 2018 жылы 1031,5 млрд. теңгеге немесе 27,4%-ға ұлғайып, 2019 жылы жеке тұлғаларға берілген несиелер 1116,5 млрд. теңгеге немесе 23,2%-ға өсіп, 5914,6 млрд. теңгені құрады. 2017 жылы тұтынушылық несиелер 2547,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 692,6 млрд. теңгеге немесе 34,2%-ға көп.

Кері РЕПО операциялары Қазақстан Республикасының банк секторының несиелік портфельінің құрылымында ең аз үлесті алады [4].

Несиелік операциялардың дамуы банктік тәуекелдерді болдырмау әдістерінің бірі болып табылатын несиелік портфельінің сапасын талдаудан тұрады. 3 жылдағы несиелік портфельі сапасының өзгеру динамикасы 5-кестеде келтірілген.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның банк секторы активті операциялардың маңыздылығына ие. Банк жүйесінің жиынтық активтерінің негізгі бөлігі АҚ «Қазақстан Халық Банкі», АҚ «Сбербанк», АҚ«Kaspi Bank», АҚ «Forte Bank», АҚ «Банк Центр Кредит» сияқты басым банктер тобына тиесілі[5].

Талдау негізінде банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесінің едәуір бөлігін құрайтынын көруге

болады (төмендеу үрдісі бар (2017 жылы, 2018 және 2019 жылдары тиісінше 57,6%, 42,1% және 38,6% құрады.)

Қазақстанның екінші деңгейлі банктерінің негізгі клиенттері заңды тұлғалар болып табылады, олардың үлесі 2017, 2018 және 2019 жылдары тиісінше 42,3%, 27,8% және 27,6% құрады. Себебі, заңды тұлғалардың тұрақты жұмысы бар, сондықтан төлем қабілетсіздігі қаупі төмен. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің несие портфелінің құрылымында жеке тұлғалар тобы басым, өйткені несиенің негізгі тұтынушылары жеке тұлғалар болып табылады. Бөлшек несиелердің үлесі 2017 жылы – 24,3%, 2018 жылы – 36,4%, 2019 жылы – 41,5%.

Банк секторының қаржылық нәтижелеріне келетін болсақ, таза пайда 818,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 98,1 млрд. теңгеге артық. Белсенді операцияларды талдау кезінде маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылатын ROA коэффициенті 2017-2019 жылдар аралығында сәйкесінше 1,64%, 2,35% және 2,23% құрайды. Активтердің кірістілігі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің консервативті саясатының арқасында онша жоғары емес.

Келесі факторлардың жиынтығы коммерциялық банктің несиелік ресурсының жалпы деңгейіне объективті әсер етеді:

- банкте жұмылдырылған қаражат көздерінің жалпы сомасы;
- несиелік ресурстың қайнар көздерінің құрылымы мен тұрақтылығы;
- орталық банк белгілеген міндетті резервтердің деңгейі;
- бұл резервтерді пайдалануға коммерциялық банктің ағымдағы өтімділігін қолдауға рұқсат етілген кезде міндетті резервтерді пайдалану режимі;
- банк міндеттемелерінің жалпы мөлшері мен құрылымы.
- банктің несиелік ресурсының тиімділігіне қол жеткізіледі, егер:
- қажетті ең төменгі өтімділік қамтамасыз етілген;
- несиелік ресурсты қорлардың барлық жиынтығы қолданылады;
- несиелік потенциал бойынша ең жоғары пайдаға қол жеткізілді.

Әдебиеттер:

1. Ключников М.В. Анализ показателей, характеризующих финансовую деятельность коммерческих банков / Финансы и кредит 2015 №20 (134), стр.40
2. Морковкин А.Л. Совершенствование банковского надзора в области секьюритизации активов банка / Финансы и кредит 2014 №9
3. Петров В.С. Анализ фондовых активов при построении инвестиционных стратегий / Финансы 2015 №7
4. Давыдова Л.В., Кулькова С.В. Теоретические аспекты проблемы финансовой стабильности коммерческих банков / Финансы 2015 №2(170) / <http://elibrary.ru/item.asp?id=24662793>

Қорытынды

Несиелік потенциалды қаражаттарды банк активтеріне орналастырудың тұрақтылығын бағалау үшін осы қаражат көздерін банктік талдау ерекше маңызды болып табылады. Банктің несиелік ресурсының барлық көздері меншік және қарыз болып табылады. Негізгі орын - депозиттер және банкаралық несиелер түрінде жұмыс істейтін қарыз қаражаттары.

Банктік өтімділік принципі несиелік ресурстың қарыз қаражатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп бөлу қажеттілігін анықтайды. Барлық несиелік ресурсты қорларды олардың тұрақтылық деңгейіне қарай бөлу маңызды:

- толығымен тұрақты қорлар (меншікті қаражат, белгілі бір мерзімге салынған қаражат, басқа банктерден алынған қарыз қаражаттары);
- тұрақты қорлар (айналымы банк зерттеген барлық депозиттік қорлар және оларды белгілі бір активтерге орналастыру үлесі белгіленді);
- тұрақсыз қаражат (мерзімді түрде пайда болатын және динамикасын болжау қиын болатын салымдар).

Несиелік ресурсты қорлардың құрылымын үнемі талдау банкке өз қаражатының қозғалысындағы белгілі бір заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл заңдылықтар несиелік ресурс пен банктік өтімділікті бөлу кезінде дұрыс саясатты жасау үшін қолданылуы керек.

Банктердің активтерін басқару - бұл меншікті және қарыз қаражаттарын максималды кіріс пен минималды тәуекелдің арасындағы объективті қажетті теңгерім үнемі сақталатындай етіп орналас-тыру тәртібі.

Несиелік нарықтағы беталыстарды жақсы білу коммерциялық банкке банктік саясатты тиімді және икемді жүргізуге, несиелік ресурсты қаражаттарды неғұрлым еркін пайдалануға мүмкіндік береді. Коммерциялық банктің іскери саясаты кредиторлық берешекті және минималды өтімділік резервін өтеу үшін құрылған барлық қаражатты ұдайы пайдалану-ды қамтамасыз етеді. Ақша қаражаттары мен несие нарықтарында ақша қалдығы жүзеге асырылуы керек. Несиелік ресурсты қаражаттарды бөлу кезіндегі банктік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі - қаражат көздерінің құрылымы банк активтерінің құрылымына сәйкес келуін қамтамасыз ету.

5. Кадыров А.Н. Методика определения категории риска заемщика для управления уровнем риска кредитного портфеля / Финансы и кредит 2014 №7, стр.46-51
6. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі <https://finreg.kz/?docid=931&switch=kazakh> (қараған күні: 20.08.2020)

Резюме:

Банктік қызмет елімізде экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарады. Мақалада, Қазақстан Республикасындағы банктік қызметтің дамуы мен қызмет жасауына, несиелік нарықтағы банктік саясатты тиімді және икемді жүргізуге, несиелік ресурсты қаражаттарды неғұрлым еркін пайдалануға қажетті шарттарды қалыптастырудың қадамдарын зерттеу нәтижесінде анықтадық. Ақша қаражаттары мен несие нарықтарында ақша қалдығы жүзеге асырылған жағдайда, коммерциялық банктің іскери саясаты кредиторлық берешекті және минималды өтімділік резервін өтеу үшін құрылған барлық қаражатты ұдайы пайдалану қамтамасыз етіледі.

Негізгі сөздер: банктік қызмет, несиелік портфель, несиелік ресурс, ақша қаражаттары.

Банковская деятельность играет важную роль в решении экономических и социальных проблем в стране. В статье мы определились в результате изучения подходов к формированию условий, необходимых для развития и функционирования банковской деятельности в Республике Казахстан, эффективного и гибкого проведения банковской политики на кредитном рынке, более свободного использования средств кредитных ресурсов. В случае осуществления остатка денег наденежных средствах и кредитных рынках, деловой политикой коммерческого банка обеспечивается постоянное использование всех средств, созданных для погашения кредиторской задолженности и минимального резерва ликвидности.

Ключевые слова: банковская деятельность, кредитный портфель, кредитный ресурс, денежные средства.

Banking plays an important role in solving economic and social problems in the country. In this article, we have determined the results of studying approaches to the formation of conditions necessary for the development and functioning of banking activities in the Republic of Kazakhstan, effective and flexible implementation of banking policy in the credit market, and more free use of credit resources. In the case of cash balances on cash and credit markets, the business policy of a commercial Bank ensures that all funds created for the repayment of accounts payable and the minimum liquidity reserve are constantly used.

Keywords: banking activity, credit portfolio, credit resource, cash.

Авторлар туралы мәлімет:

Касимбекова М.А- э.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы (Нұр-Сұлтан қаласы)

Шайкенова Н.Т – доктор PhD., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті «Есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL: J01, A13

Модернизация рынка труда в условиях пандемии COVID-19 в Республике Казахстан

Р. Сабирова, М. Баймухашева, Ж. Ерниязова

Введение

Рынок труда в Казахстане, как во всем мире, меняется и за год, вероятно, трансформируется до неузнаваемости. Пандемия диктует рынку труда свои правила: многие компании начали сокращать расходы на персонал, расставаясь даже с ценными сотрудниками. В условиях вынужденной самоизоляции во время эпидемии коронавируса для многих людей на первое место вышла проблема занятости. Люди, работавшие в блокированных карантинном отраслях, остаются без средств к существованию и вынуждены искать себе место в других сферах. Падение количественных показателей с начала марта наблюдается практически во всех отраслях. Раньше по одним и тем же стандартам можно было работать десятилетиями, а сейчас подходы к работе меняются несколько раз за год. В условиях, когда многие компетенции быстро устаревают, на первый план выходят «гибкие навыки» — логическое и критическое мышление, креативность, адаптивность к изменениям, умение выстраивать отношения с людьми и решать комплексные проблемы. Пандемия внесет значительные перемены на рынок труда. Существует высокая вероятность того, что многие из так называемых временно потерявших работу безработных пополнят ряды тех, кто находится без работы уже долгое время. По мнению авторов, саморазвитие и получение новых навыков будет единственным трендом современного рынка труда.

Формулировка задачи

В связи со вспышкой коронавируса — социальное обеспечение, угрожает приостановкой льгот. Раньше по одним и тем же стандартам можно было работать десятилетиями, а сейчас подходы к работе меняются несколько раз за год. В условиях, когда многие компетенции быстро устаревают, на первый план выходят «гибкие навыки» — логическое и критическое мышление, креативность, адаптивность к изменениям, умение выстраивать отношения с людьми и решать комплексные проблемы.

Мы предположили, что работающие взрослые, которые не в состоянии работать из дома и у которых нет отпуска по болезни, будут иметь меньше возможностей для выполнения рекомендаций по изоляции от пандемического гриппа, которые требуют пропуска работы, из-за страха потерять работу или бизнес и серьезных финансовых проблем, которые могут возникнуть от пропущенной работы. Последствия роста безработицы во время пандемии, что, по мнению специалистов, может оказать

давление на резервы социального обеспечения в краткосрочной перспективе. Необходимо сосредоточиться на оказании помощи тем, кто наиболее остро нуждается. Хватит ли нынешней системе социальной защиты средств, чтобы противостоять этому серьезному кризису? Системы социальной защиты во всем мире не в состоянии защитить жизни и средства к существованию уязвимых групп. Восстановление экономики очень зависит от того, насколько эффективно правительство контролирует пандемию. Социальное обеспечение финансируется главным образом за и основной причиной беспокойства будет снижение налоговых поступлений на заработную плату из-за депрессивной экономики и снижения уровня занятости. Всякий раз, когда Правительство Республики Казахстан решает проблему дефицита, им следует задуматься над важным долгосрочным вопросом: насколько большую роль должна играть социальная защита.

Описание основных методов

Методологической основой обсуждаемых в статье проблем являются исследования зарубежных и отечественных ученых по данной проблеме. Исследованы конкретные направления и формы модернизации рынка труда. Рассмотрены эволюция взглядов и новые тенденции в социально-трудовой сфере. Выделены приоритеты по минимизации негативных процессов в экономике, предложены направления совершенствования государственной политики занятости населения. Был проведен анализ на основании статистических данных Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

Результаты и дальнейшие перспективы исследования

В Казахстане численность рабочей силы в возрасте 15 лет и старше в I квартале 2020 года по итогам выборочного обследования занятости населения составила 9,2 млн. человек. В экономике республики были заняты 8,8 млн. человек. Уровень занятости к населению в возрасте 15 лет и старше составил 66,4% и по сравнению с I кварталом 2019 года уменьшился на 0,1%. Численность безработных составила 442,4 тыс. человек, уровень безработицы — 4,8%.

Большая часть занятого населения осуществляли свою деятельность в таких видах экономической деятельности как торговля (16,3%), сельское хозяйство (13%), промышленность (12,6%), образование (12,7%).


Высшее и среднее профессиональное (специальное) образование имели 7,2 млн. человек, это 82% от занятого населения. Доля занятых женщин, имеющих высшее и среднее профессиональное образование выше по сравнению с долей занятых мужчин на 6,0пп. Основную долю занятого населения – 66,2% (5,8 млн. человек) составляли лица в возрасте 29-54 года.

Численность безработных (лица в возрасте 15 лет и старше, которые не имели доходного занятия, активно его искали и были готовы приступить к нему) в I квартале 2020 года составила 442,4 тыс. человек. Уровень безработицы сложился на уровне 4,8% (в I квартале 2019г. – 4,8%).

Рисунок 1

Уровень безработицы в Республике Казахстан

в процентах



Источник: Официальный Интернет-ресурс www.stat.gov.kz Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

Доля мужчин в численности безработных в I квартале 2020 года составила 46,1% (204 тысяч человек), женщин – 53,9% (238,4 тысяч человек). В общем числе безработных доля молодежи в возрасте 15-28 лет составила 17,8% или 78,9 тысяч человек. Уровень молодежной безработицы в возрасте 15-28 лет сложился в – 3,8%.

Сейчас экономика активно перестраивается: одних специалистов сокращают или переводят на неполный рабочий день, при этом резко возрос спрос на таких сотрудников, как логисты, курьеры, операторы контакт-центров, менеджеры по онлайн-продажам. Не менее нужны бизнесу в нынешних условиях водители грузовиков, комплектовщики. По-прежнему появляются вакансии в IT-сфере. Требуются, например, специалисты, которые способны в сжатые сроки создавать сайты интернет-магазинов, сервисов доставки, компании ищут аналитиков больших данных и разработчиков систем искусственного интеллекта. Казахстан также предоставляет финансовую поддержку для самых уязвимых категорий населения. Компенсация осуществляется за счет существующих пособий по безработице и дополнительных фондов. Однако важно укрепить статус подобных фондов, в том числе определить приоритетные направления финансирования и распределить соответствующие обязанности государственных органов по целевому использованию этих средств и механизм общественного контроля. Также следует подчеркнуть, что обращения на получение социальной помощи помогут предоставить дополнительную информацию о занятости,

рынке труда в целом и реальных доходах населения для реализации более эффективной государственной политики в области рынка труда в будущем.

Пандемия коронавируса снижает номинальные доходы по социальному обеспечению тремя основными способами. Во-первых, потеря рабочих мест, особенно сконцентрированных среди низкооплачиваемых работников, снижает доходы от налога на заработную плату. Размер этого эффекта увеличивается с продолжительностью рецессии. Во-вторых, более низкие процентные ставки уменьшают процентный доход, полученный Пенсионным фондом. В-третьих, длительный период инфляции снижает заработную плату для всех работников и, следовательно, уменьшает налоговые поступления.

Пандемия также снижает номинальные расходы на социальное обеспечение так, как коронавирус повышает уровень смертности (смещенный в сторону увеличения возраста выхода на пенсию).

Правительство должно предоставить соответствующую финансовую помощь для цифровизации сферы образования и устранить неэффективные нормативные ограничения на местном рынке онлайн-образования, чтобы сделать его более гибким и конкурентоспособным.

Всплеск безработицы сократит поступление налогов в государственный бюджет, что пандемия коронавируса может привести к тому, что пособия по социальному обеспечению иссякнут

В условиях кризиса, вызванного эпидемией, наилучшие перспективы для развития имеют отрасли информационных технологий, в особенности связанные с обеспечением дистанционного общения и обучения, а также службы доставки. Иными словами, все те отрасли, которые активизировались в режиме самоизоляции.

Мы предположили, что работающие, которые не в состоянии работать из дома, будут иметь меньше возможностей для выполнения рекомендаций по изоляции от пандемического гриппа, которые требуют пропуска работы, из-за страха потерять работу или бизнес и серьезных финансовых проблем, которые могут возникнуть от упущенной работы. Местные рынки труда могут пострадать на долгие годы, усугубляя региональные различия в безработице, экономической неактивности и качестве работы. Некоторые регионы, вероятно, больше других пострадают от мер по сдерживанию, столкнувшись с более глубоким экономическим спадом и большей долей рабочих мест в опасности. Оценки, проиллюстрированные в этой записке в отношении рабочих мест, потенциально подверженных риску, относятся к видам деятельности, непосредственно затронутым остановками, но значительная их часть может по-прежнему подвергаться риску даже после отмены заключения из-за других правил социального дистанцирования и продолжающихся ограничений на определенные виды деятельности.

Столицы и крупные города часто сталкиваются с большей долей рабочих мест, потенциально подверженных риску, чем в других регионах той же страны. Одна важная особенность мер по ограничению заключается в том, что они значительно снижают активность в местных службах, в частности в розничной торговле (кроме продуктов питания и аптек) и в сфере персональных услуг (парикмахеров, косметологов, спортивных залов и т.д.). Местные службы обеспечивают большую долю занятости в (крупных) городах, что делает их потенциально более уязвимыми, чем в других районах. Однако, крупные города имеют более разнородную экономику и в среднем более квалифицированную рабочую силу, что может помочь адаптироваться к потрясениям и способствовать восстановлению

экономики. Они также принимают большую долю высококвалифицированных работников, которые работают на рабочих местах, совместимых с интернетом.

Раньше по одним и тем же стандартам можно было работать десятилетиями, а сейчас подходы к работе меняются несколько раз за год. В условиях, когда многие компетенции быстро устаревают, на первый план выходят «гибкие навыки» — логическое и критическое мышление, креативность, адаптивность к изменениям, умение выстраивать отношения с людьми и решать комплексные проблемы.

Для того чтобы успешно пройти кризис, необходимо предоставить доступное финансирование для бизнеса и населения, и конечно же обеспечить безопасные и здоровые условия труда для работающих мужчин и женщин. В условиях подобного рода кризиса необходимо повысить ответственность и координацию всех государственных органов, и их ориентацию на создание рабочих мест и занятость. Для этого предлагается усилить функции государственных органов по содействию в информационной поддержке бизнесу в условиях кризиса. Также необходимо обеспечить полную цифровизацию государственных услуг и предоставление качественных и актуальных данных о рынке труда населению. Однако, продолжительный период самоизоляции может продлиться, а такая нагрузка на бюджет не выдержит ни одна страна в мире, поэтому, рекомендуется заниматься новыми поисками работы, тех кто остался без средств существования.

Что касается нашей страны, то по данным Министерства труда и социальной защиты Республики Казахстан, уровень безработицы в Казахстане может возрасти к концу года до 5,9% против 4,8% до введения режима ЧП. В целом во всех странах ситуация на рынке труда и восстановление занятости в первую очередь будут зависеть от темпов ослабления карантинных мер и возобновления деятельности предприятий. И уже сейчас понятно, что скорость восстановления у каждой страны будет разная.

В Казахстане имеется реальная возможность быстро вырваться из кризиса, так как доля пользователей компьютером имеет быстро растущую динамику.

Таблица 1

Доля пользователей компьютером в Республике Казахстан

	2011	2019	Соотношение 2019г. к 2011г., %
Доля пользователей компьютером в возрасте 6-74 лет, %	51,3	82,2	60,2

Источник: Официальный Интернет-ресурс www.stat.gov.kz Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

Как видим в таблице 1, начиная с 2011 года доля пользователей компьютером в возрасте 6-74 лет увеличилась в 2019 году на 60,2%. Данная динамика интенсивного роста свидетельствует о востребованности населения к средству доступа к Сети

Интернет, не только для социальной коммуникации, публикаций, просмотра фильмов, интернет-покупок, но и оплаты интерактивно банковских услуг, а теперь и в связи с пандемией для обучения населения в системе образования Казахстана. То есть, обучение

на курсах новым технологиям позволит стране скорому выходу из кризиса. Выплаты на поддержание населения в виде социальных пособий, по нашему мнению, будет пагубной для экономики страны, необходимо «дать удочку человеку, который хочет есть».

С таким количеством людей без работы перспектива найти хорошо оплачиваемую работу не просто, искать ее лучше в отраслях, которые не пострадали, но и в отраслях, которые процветают. Работа, связанная с логистикой и доставкой, сегодня одна из самых востребованных и не требуют специальных навыков, интернет-магазины имеют динамику роста, поскольку люди оставались дома. Удаленное обучение в школах и университетах привлечет учителей и преподавателей для индивидуальных занятий на дому или в мини группах. Коронавирус «вызвал ускорение некоторых тенденций в сфере труда, таких как автоматизация, безработным, не желающим заниматься бесперспективным трудом, рекомендуем развить новые навыки, чтобы найти новую работу.

В гендерном аспекте в области складывалось стабильное соотношение с перевесом женского населения. На 1000 мужчин приходится 1090 женщин. Численность мужчин на 1 января 2020 года составила 262,6 тыс. человек (47,8% всего населения), женщин – 286,2 тыс. человек (52,2%).

Таблица 11

Численность населения по полу

на начало года, тыс. человек

	Мужчины	Женщины	В % к предыдущему году		Число мужчин на 1000 женщин
			мужчины	женщины	
2016	271,7	297,9	99,7	99,5	1 096
2017	269,0	294,3	99,0	98,8	1 094
2018	266,9	291,7	99,2	99,1	1 093
2019	265,2	289,3	99,4	99,2	1 091
2020	262,5	286,2	99,0	98,9	1 090

За последние пять лет в области умерло 33,4 тыс. человек, в том числе в городских поселениях 14,8 тыс. человек (44,4%) и в сельской местности – 18,5 тыс. человек (55,6%). За 2019 год умерло 6691 человек, что на 1,9% выше, чем в 2018 году, но на 0,5% ниже, чем в 2015 году.

Уровень смертности оказывает существенное влияние на ожидаемую продолжительность жизни при рождении. В 2019 году средняя продолжитель-

ность жизни населения составила 70,7 лет, что ниже, чем в среднем по Казахстану (73,18 лет). Продолжительность жизни мужчин достигла 65,53 лет, женщин – 75,92 лет. Теперь среднестатистический мужчина живет на 0,2 года, а женщина - на 0,51 года дольше, чем в 2015 году. По-прежнему сохраняется значительный разрыв в продолжительности жизни мужчин и женщин (10,39 лет). Подобный разрыв обусловлен высокой преждевременной смертностью мужчин.

Таблица 12

Ожидаемая продолжительность жизни при рождении

лет

	Все население	В том числе		Превышение продолжительности жизни женщин
		мужчины	женщины	
2015	70,39	65,33	75,41	10,08
2016	71,01	66,01	76,04	10,03
2017	70,86	65,87	75,81	9,94
2018	71,14	66,06	76,16	10,1
2019	70,70	65,53	75,92	10,39

В 2019 году в области умерло 65 детей в возрасте до одного года, или 9,43 на 1000 родившихся. Показатель младенческой смертности в области выше среднереспубликанского (8,37 промилле).

Основная причина смерти детей в этом возрасте - состояния, возникающие в перинатальном периоде (70,8% умерших детей), и врожденные аномалии (15,4%).

Повышение престижа семьи, укрепление брачно-семейных отношений является одним из предпосылок оздоровления демографической обстановки. С 2015 по 2019 годы в целом по области официально зарегистрировано 18,6 тыс. браков и 10,1 тыс. разводов. В 2019 году органы ЗАГС зарегистрировали 3446 новых семейных пар. За год городскими жителями зарегистрировано 1957 браков (7,74 промилле – в расчете на 1000 человек городского населения) и сельскими – 1489 браков (4,98 промилле).

К числу факторов, негативно влияющих на ситуацию с развитием семьи и рождаемости, следует отнести нестабильность браков. Однако в последние годы в области отмечалось уменьшение числа разводов, в истекшем году расторгнут 1991 брак, по сравнению с 2018 годом меньше на 5,5%. Уровень разводимости на 1000 горожан составил 4,36 развода и 2,97 развода – на 1000 сельских жителей.

Одна из основных причин сокращения численности населения области – отрицательный баланс в миграции населения. Анализ динамики основных параметров и тенденций развития миграционных процессов за длительный период свидетельствует об их огромном влиянии на численность, состав, размещение и воспроизводство населения. В результате сложившихся миграционных процессов область только за пять последних лет потеряла 27 тыс. человек.

В 2015-2019 годах число прибывших в область составило 104,7 тыс. человек, а выбывших за ее пределы – 131,7 тыс. человек. Наибольшие миграционные потери области за анализируемый период отмечены в 2016 (7244 человека) и 2019 годах (5943 человека).

За 2015-2019 годы в область прибыли 3,8 тыс. иммигрантов и выбыло 17,9 тыс. эмигрантов. Отрицательное сальдо международной миграции за 5 лет составило 14,1 тыс. человек. В миграции со странами СНГ наблюдается миграционная убыль, которая в 2019 году против 2018 года увеличилась на 12%.

Заключение

Таким образом, оценивая развитие Северо-Казахстанской области, стоит отметить достаточно сложную ситуацию в социально-демографической сфере (безработица, увеличение уровня смертности регионе, отрицательные миграционные процессы), а также о том, что, несмотря на общий экономический рост, в области необходимо повышать эффективность использования располагаемого ресурсно-экономического потенциала, имеются резервы развития промышленной сферы области; более широкому использованию современных технологий во всех сферах; сельскохозяйственная отрасль находится в значительной зависимости от погодно-климатических условий, от ситуации с реализацией продукции, от дифференциации в уровне цен на продукцию внутри страны и за ее пределами и др.

Литература:

1. Официальный Интернет-ресурс Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан www.stat.gov.kz / Регионы / Северо-Казахстанская область / Официальная статистика (по отраслям) (дата обращения: 02.09.2020г.)
2. Данные Северо-Казахстанского областного филиала Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр электронного здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан

Резюме:

Мақалада Солтүстік Қазақстан облысының 2015-2019 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына жан-жақты баға берілген. Негізгі көрсеткіштердің жиынтығы бойынша (өнеркәсіптік өндіріс көлемі, аймақтың жалпы өңірлік өнімінің көлемі, негізгі капиталға салынған инвестициялар, еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері, демографиялық көрсеткіштер және білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту көрсеткіштері).

Негізгі сөздер: әлеуметтік-экономикалық даму, аймақтық даму, аймақ, экономика, әлеуметтік сала.

В статье проведена комплексная оценка Северо-Казахстанской области ее социально-экономического развития за 2015-2019гг. по совокупности основных показателей (объем промышленного производства, объем валового регионального продукта области, инвестиции в основной капитал, основные индикаторы рынка труда, демографические показатели и показатели развития образования и здравоохранения).

Ключевые слова: социально-экономическое развитие, региональное развитие, регион, экономика, социальная сфера.

The article provides a comprehensive assessment of the Soltustik Kazakhstan region of its socio-economic development for the period from 2015-2019. by the aggregate of the main economic indicators (the volume of industrial production, the volume of the gross regional product of the region, investments in fixed assets, the main indicators of the labor market, demographic indicators and indicators of the development of education and health care).

Keywords: socio-economic development, regional development, region, economy, social sphere.

Сведения об авторе:

Балгарина Л.А. - руководитель Управления структурной статистики Департамента статистики Северо-Казахстанской области Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (г.Петропавловск)

JEL: Q12, Q17

Шымкент мегаполисінің әлеуметтік-экономикалық саласының дамуы

Г. Шінет, А. Купешева, Г. Кулумбетова

Кіріспе

Шымкент қаласы қазіргі Түркістан облысының (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) орталығы болған. 2018 жылы басты жаңалықтардың бірі ретінде Түркістан облысының құрылуы және Шымкент қаласының жаңа мәртебесі – Республикалық маңызы бар қала атануы болып табылады. 2018 жылдың 19 маусымынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің №702 Жарлығымен республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді. Қазіргі таңда, дербес әкімшілік-аумақты құрайтын республикадағы 17 өңір болып табылады.

Шымкент шын мәнінде, стереотиптік пікірге қарамастан, кез келген қонағын және туристін өзінің қонақ жайлылығымен, жылулығымен және жарқын түстерімен баурап алатын қала.

Енді жаңа мәртебеге ие болғаннан кейін, Шымкент әкімдігінің басым міндеттерінің бірі қаланы жоспарлы және сапалы дамыту болып бағытталған. Өзгерістер мен жақсартулардың барлық процесі, сондай-ақ қаладағы қазіргі жағдай Шымкент қаласын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған бағдарламасында сипатталған болатын. Даму бағдарламасында 5 негізгі бағыт қарастырылған: экономика, әлеуметтік сала, қоғамдық қауіпсіздік және құқық тәртібі, инфрақұрылым, экология және жер ресурстары. Бұл мақалада 2020 жылы ТМД елдерінің мәдени астанасы болып табылатын Шымкент қаласының экономика мен әлеуметтік саладағы дамуына назар аударуға бағытталады.

Әдістері

Зерттеу жұмыстарының теориялық және әдістемелік негіздері ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың аймақтық экономика немесе қала экономикасы жайлы пікірлері, сондай-ақ олардағы азық-түлік өнімдерінің өндірісі, өнеркәсіп және т.б. экономиканың түрлі салалары жайлы еңбектері, ой-пікірлері мен зерттеулері қарастырылды. Мақаланың мақсатына сәйкес таңдалған әдістемелік құралдар ретінде ақпараттарды іріктеудегі жүйелік ұстаным, ағымдағы ахуалды зерттеп, сипаттаудағы сандық және сапалық әдістер қолданылды.

Теориялық ережелерді негіздеу жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдерді, талдау және синтездеу әдісін, жүйелі және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми статистикалық материалдар мен интернет желісінің ақпараттық әлеуетінен жеке бақылаулардың қорытынды деректері қарастырылды.

Зерттеуде Шымкент қаласының қазіргі жағдайын, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау және бағалау кезінде – экономикалық-статистикалық

әдіс қолданылды; экономика салалары бойынша өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілердің өзара іс-қимылының қалыптасқан нысандарының салалық және аймақтық ерекшеліктерін, сондай-ақ салалар бойынша тауарларын өндірушілер мен тұрғындар арасындағы экономикалық өзара қарым-қатынастардың тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау үшін абстрактылы-логикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазіргі заманда әлеуметтік дамуды талдай отырып, баға беру үшін экономика, әлеуметтік сала және популяция сияқты элементтерді жан-жақты қарастыру қажет болып табылады. Әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мақсаттардың жиынтығы тұрғысынан қарастырғанда өлшемі көп үрдіс. Егер бұл тек экономикалық даму туралы болса да, ол әдетте әлеуметтік дамумен бірге қарастырылады. Әлеуметтік-экономикалық даму мынадай аспектілерді қамтиды: өндіріс пен табыстың өсуі; қоғамның институционалдық, әлеуметтік және әкімшілік құрылымдарындағы өзгерістер және т.б. Аталған аспектілер бойынша Шымкент қаласының көрсеткіштері зерттелінді.

Шымкент қаласы – еліміздегі үшінші ірі қала, Өзбекстан және Қырғызстан елдерімен шекаралас жерде орналасқан, елдің тығыз қоныстанған үлкен мегаполисі болып табылады. Сондай-ақ Шымкент қаласы инженерлік және көліктік инфрақұрылымы дамыған, коммуналдық шаруашылығы мен тұрғын үй-жайлары, қаланың қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін әлеуметтік нысандардың кең желісі бар. Қала Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерімен экономикалық байланысы бар шекаралық аймақ мәртебесі бар ірі көлік торабы (теміржол, автомобиль, әуе және құбыр көлігі) ретінде елдің оңтүстік «қақпасы».

2020 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, қаланың аумағы 1,2 мың шаршы километрге тең, халқы 1038,1 мың адамды құрады. Халықтың орташа тығыздығы аумақтың 1 шаршы километрге шаққанда 892,7 адамды құрайды.

Шымкент қаласы 4 ауданға (Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау) бөлінген. Өгем тау беткейінің жазық жотасынан Сайрам және Бадам өзендері аралықтарына дейін созылып жатыр. Шымкент – Республика қалаларының ішіндегі ең ежелгі қалалардың бірі. Орта Азиядан Қытайға баратын думанды сауда жолында XII ғасырда пайда болды.

Агроклиматтық жағынан қала өте қуаң, құрғақ тау етегі аумағына орналасқан. Жер қыртысы кәділгі сұр топырақты. Орташа тұрақты тәлімі шаруашылықты жер. Климаты ауаның өте құрғақтығымен, ылғал

мөлшерінің аз, кем түсуімен, ылғалды күндердің аздығымен сипатталады. Аязсыз кезеңнің ұзақтығы 185-215 күнге дейін созылады. Ылғалдың жылдық түсімі 300-500 мм аралығында. Қаланың ең ірі өзені Бадам өзені. Бадам өзені халық тығыз орналасқан жерден өтеді, сондықтан оның суларын суғару интенсивті қолданылады. Қаланың қақ ортасын кесіп өтетін Қошқарата өзені - қаланың мәдени-тарихи құнды дүниесі. Суының өзіндік емдік қасиеті бар. Жаз маусымында бұлақтың суына бір күнде 5-6 мың адам келіп түседі. Қасиетті бұлақтың суы көптеген дертке дауа. Сондықтан тек Шымкент қаласының тұрғындары емес, еліміздің әр түкпірінен адамдар келіп, осы өзенге шомылып жатады.

Қаланың көрікті мекендерінің бірі – орталық саябақтар. Шаһарда 35 жылдық тарихы бар Дендросаябақ пен Зообақ бар. Бұдан бөлек қала аумағында «Тәуелсіздік», «Жайлау көл», «Қиял әлемі», «Абай», «Орталық», «Кең баба», «Жеңіс» саябақтары қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған. Қаладағы ең биік ескерткіш болып Бәйдібек би ескерткіші саналады. Ескерткіштің биіктігі – 10 метрді, тұғырымен қоса алғанда 23 метрді құрайды.

Қала тұрғындары мен қонақтарын өз қойылымдарымен қуанытып жатқан мәдени орталықтары: Ж.Шанин атындағы қазақ драма театры, орыс драма театры, өзбек драма театры, опера және балет театры, сатира және эзіл-сықақ театры, қуыршақ театры бар.

Шымкент қаласы Қазақстанның жақсы дамыған инфрақұрылымы бар өнеркәсіптік және экономикалық орталықтардың бірі. Мұнда түсті металлургия, машина жасау, химия, мұнай өңдеу және тамақ өнеркәсібі өз дамуларын алды. Коммуналдық қызметтер, қалалық және қалааралық жолаушылар көлігінің желісі дамыған.

2018 жылы Шымкент қаласы облыс көлемінен бөлініп шығып, мегаполис қала атанғалы даму бағдарламасын бағытқа алған болатын. Даму бағдарламасының мақсаттары келесідей болатын:

- 2020 жылға қарай Шымкент қаласын миллиондаған халықтың қолайлы өмір сүруі үшін алғышарттары бар, қонақтар мен туристер үшін тартымды заманауи мегаполиске айналдыру;
- қала экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- адам ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру;

- Қала тұрғындары мен қонақтарына қажетті қызмет көрсету;
- Шымкент агломерациясында өмір сүру сапасын жақсарту;
- қоршаған ортаға антропогендік жүктемені төмендету;
- қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту.

Қаланы дамытуға шамамен 2016 жылдан 2020 жылға дейін 663744,3 млн. теңге жұмсау жоспарланған болатын. Құжатта атап өтілгендей, бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады, ал қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттен басқа инвесторлардың меншікті қаражаты, қарыз қаражаты, шетелдік инвестициялар болуы мүмкін.

Шымкент қаласы Қазақстанның Орта Азиямен тиімді географиялық түйіскен жерінде, Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияға, Таяу және Қиыр Шығыс елдеріне көлік магистральдарының қиылысында орналасқан.

Агломерация құрамына Арыс қаласы, Бәйдібек, Түлкібас, Қазығұрт, Төлеби, Ордабасы және Сарыағаш аудандары кіреді. Қазіргі уақытта агломерациялық аймақтың саны шамамен 1,6 млн. адамды құрайды, оның ішінде Шымкент қаласында – 1 млн. адам.

Мемлекеттік саясаттың қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігіне әсер ету дәрежесін анықтау үшін Шымкент қаласының әкімдігі қала тұрғындары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама нәтижесі бойынша бірқатар маңызды, қаланың даму бағдарламасында ескерілуі тиіс ой-пікірлер дәйектелген. Жеке тоқталып қарастырылатын болса, азаматтардың әлеуметтік сауалнамасының қорытындысы келесідей: азаматтардың 41,5% жұмыссыздық, 38,5% сыбайлас жемқорлық, 19% қылмыс және жол сапасы, 18% медициналық қызмет көрсету сапасы, 17% экология, 15% жол қозғалысы қауіпсіздігін бұзу, 12% балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімсіз пайдалану мәселелерін алаңдататынын көрсетеді.

Қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің ахуалын салыстырып байқау мақсатында келесі (1 кесте) ұсынылады:

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

	2015	2016	2017	2018	2019
Халықтың саны (жыл соңына), мың адам	886,3	912,3	952,2	1 009,1	1 038,1
Жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам	351,1	358,0	355,8	385,4	409,8
Жұмыссыздардың жалпы саны, мың адам	19,3	20,0	19,7	21,0	22,1
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге	90 494	101 825	108 933	115 574	136 995
Бастапқы құны бойынша негізгі құрал-жабдықтар, млн. теңге	1 324 089,1	1 568 816,8	1 923 248,1	2 219 121,4	2 572 301,3
Жалпы өңірлік өнім, (ЖӨӨ) млрд. теңге	...	...	...	2 174,1	2 203,0
Өнеркәсіп өнім өндірісінің көлемі, млн. теңге	281 531,6	335 761,7	424 997,0	492 260,0	579 554,5
Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, ағымдағы бағаларда, млн. теңге	20 845,7	22 712,3	24 635,7	25 687,9	31 195,8
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн. теңге (тиісті жылдың бағасымен)	20 755,9	22 548,6	24 357,1	25 672,0	31 178,7
соның ішінде:					
өсімдік шаруашылығы	9 299,8	10 194,5	9 487,7	8 483,1	11 219,5
мал шаруашылығы	11 080,1	11 886,7	14 221,2	16 563,5	19 156,7
ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер	376,0	467,4	648,2	625,4	802,5
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	201 337	158 110	214 186	588 034	194 958,3
Жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру, млн. теңге	137 003	108 279	157 751	149 055	150 890,3
Тұрғын үйлерді іске қосу, мың шаршы метр	217,4	246,7	402,5	439,2	523,7


Дереккөз: Автормен [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Кестеден көріп отырғанымыздай, Шымкент қаласының 2015-2019 жылдар аралығындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің статистикалық мәліметтері ұсынылған. Кестеде ұсынылған көрсеткіштердің көпшілігі бойынша өсімнің орын алып отырғаны көзге анық байқалады, мәселен тұрғын үй құрылысының өсімі 217,4 мың шаршы метрден 523,7 мың шаршы метрге дейін өскен. Осының өзі қала халқының өсіп, мегаполис

атануына тікелей септігін тигіздіргенін дәлелдеуші көрсеткіш болып табылады.

Қала экономикасында өнеркәсіптік сектордың маңызы зор. Қаланың жұмыс істейтін тұрғындарының ішінде осы салада жұмыс істейтіндердің үлесі 12,5% құрайды, жалпы өңірлік өнімдегі үлесі – 22,7%. Қазір қалада жалпы өнеркәсіп саласында 71 ірі және орта кәсіпорны жұмыс істейді. Оның ішінде 21 кәсіпорын экспортқа өнім шығарады.

Шымкент қаласының 2015-2019 жылдардағы өнеркәсіп саласының дамуының динамикасы



Дереккөз: Автормен [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

2019 жылы қалада 579,5 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері өндірілді, бұл 2018 жылғы деңгейден 13,4% жоғары.

Осы кезеңде қала кәсіпорындарымен 35,7 мың тонна тазартылған және тазартылмаған өсімдік майы, 5086,4 мың тонна – мұнай өнімдері, 2881,6 мың тонна – портландцемент, 785,2 мың тонна – тауарлық бетон өндірілді.

2015-2019 жылдары құны 705,1 млрд.теңге, 4,6 мың жаңа жұмыс орнын құрумен 54 жобаны іске асыру жоспарланған. Алайда өнеркәсіптік сектор саласында бірқатар өзекті мәселелер орын алып отырады. Олар келесідей:


- негізгі қорларды жаңартуға кәсіпорындардың меншікті қаражатының жеткіліксіздігі;

- шикізаттың жеткіліксіздігі және айналым қаражатын толықтыру мүмкіндігінің болмауы;
- ескірген технологиялар және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі, сатылымның төмен деңгейі;
- техникалық мамандардың жеткіліксіздігі;
- кәсіпорындардың несие ресурстарына қолжетімділіктің төмендігі;

- өнеркәсіптік кәсіпорындардың толық өндірістік қуатын пайдаланбау;
 - коммуналдық қызметтердің жоғары тарифтері.
- Қала экономикасының жетекші салаларының бірі - шағын және орта бизнес. Қазіргі уақытта экономикалық белсенді халық санының 30% - ы бизнес саласындағы жұмыспен қамтамасыз етілген.

2 сурет

Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК)



Дереккөз: Автормен [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Шағын және орта бизнес құрылымында қызмет көрсету саласы тиімді дамуда, бұл ең алдымен сауда, қонақ үй бизнесі, жылжымайтын мүлік, автокөлік және қаржылық қызметтер. 2- графикте шағын және орта бизнес субъектілері санының алдыңғы жылмен салыстырғанда 11381 бірлікке артқанын көруге болады. 2019 жылы тіркелгендердің жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің 87% құрады. Әйтсе де шағын және орта бизнестің өзіне тән негізгі проблемалары бар, жеке-жеке тоқталып өтер болсақ келесідей:

- - кәсіпкерлерге берілетін несие пайызының көптігі
- несие алу үшін кәсіпкерлердің мүлктік кепілдігінің жеткіліксіздігі;
- коммуналдық қызметтердің жоғары тарифтері және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің болмауы;
- ішкі және сыртқы нарықтың тұрақсыздығы;
- мемлекеттік органдар тарапынан әкімшілік кедергілер бар;
- «көлеңкелі экономикадан» шығару бойынша ынталандыру бойынша кешенді жоспардың болмауы.

Мегаполистегі шағын кәсіпкерліктің дамуы және сәйкесінше олардың кәсіпорындарын аумаққа орналастыру нарықтық қатынастардың объективті анықталған процесі болып табылады. Шағын бизнес үшін ірі кәсіпорындармен салыстырғанда өндірісті орналастырудың дәстүрлі факторлары (шикізат,

жұмыс күші, көлік және т.б. көздерінің болуы) мұндай шешуші мәнге ие емес. Дамыған елдердегі шағын бизнесті дамыту тәжірибесі белгілі бір өндірістік аймақ кәсіпкерлерінің таңдауына әсер ететін факторлардың тізімін анықтады:

- нарықтық факторлар, яғни өңірде шағын кәсіпорының өнімдері мен қызметтеріне сұраныстың болуы;
- жергілікті шикізат пен энергияның болуы;
- аймақ ішілік көлік қызметтеріне пайыздық мөлшерлемелер мен тарифтердің деңгейі.

Қала аумағында 3 мыңнан астам сауда нысандары, мыңнан астам қоғамдық тамақтану орындары, халыққа қызмет көрсететін 1178 орын және 37 базар жұмыс істейді. Нарықтардың негізгі бөлігі жеңілдетілген салық жүйесі режимінде жұмыс істейді. Аталған сауда объектілерінде 31 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Соңғы 3 жылда «Шымкент плаза», «Солтүстік», «GraMad», «Наурыз паркі», «Гипер», «Магнум» сияқты ірі сауда орталықтары ашылды. Мұндай сауда орталықтарының ашылуы сауда мен фиксалдық саясаттың жақсаруына әкеледі. Олардың ішінде Магнум сауда орталығы халықаралық сауда жүйесінде жұмыс істейді. Жұмыс жасау барысында бірқатар келесідей мәселелермен кездесіп отырады:

- ішкі сауда нүктелеріндегі инфрақұрылымның төмен деңгейі;
- инфляциялық процестердің тұтынушылар тауарларына әсері;

- қызмет көрсету мәдениетінің төмен деңгейі;
- қала базарларының құрылыс нормаларына сәйкес келмеуі;
- стихиялық сауда.

Шымкент қаласының 2020 жылы ТМД елдерінің мәдени астанасы атанғаны белгілі, яғни туристердің қалаға келу ықтималдылығын ескере отырып, туризм саласы бойынша да зерттеулер жүргізілді. Шымкент қаласында 97 туристік ұйым мен туристік агенттік туристік қызмет көрсетеді, оның ішінде 10 тuroператорлық қызметпен айналысады, 87 турагент. Қаладағы туризм бағыттары мәдени - тарихи, ойын-сауық және оқиғалық туризмді қамтиды. Бұдан басқа, Қазақстан мен Өзбекстанның көршілес өңірлеріне турмаршруттар бөлігінде ұсыныстар бар.

Соңғы жылдары қалада тарихи-танымдық және Іскерлік туризм жақсы дамыған, экскурсиялық-экологиялық және ойын-сауық бағыттарында өсу байқалады.

Туризм саласындағы негізгі проблемалар:

- Шымкент қаласында маңызды туристік тартымды инфрақұрылымдық объектілердің болмауы;
- сыртқы аудиторияны тарта алатын ірі мамандандырылған іс-шаралардың болмауы;
- туристік сектордағы сервис деңгейінің төмендігі. Туристік қызмет көрсету саласында білікті мамандардың жетіспеушілігі және шет тілдерін (ағылшын, қытай және т. б.) нашар меңгеруі.);
- қолданыстағы инфрақұрылым нашар дамыған және жаңғыртылмаған;
- жаңа тартымды туристік өнімдердің жетіспеушілігі.

2018 жылы Шымкент қаласы халқының 1009,1 мың адамды, 2019 жылы 1038,1 мың адамды, ал 2020 жылдың 1 тамызына 1054,4 мың адамды құрады. Талдау көрсеткендей, демографиялық көрсеткіштердің жақсаруына бірінші кезекте қала экономикасының өсуі әсер етті; екіншіден-халықтың өмір сүруі үшін қолайлы орта және азаматтардың табысын арттыру бойынша мүмкіндіктердің пайда болуы. Алайда, бұған қарамастан, Шымкентте ғана емес, бүкіл Қазақстанда ажырасу үлкен қауіпке ие. Ажырасулардың көпшілігі үйленгеннен кейінгі алғашқы үш жылда болатыны белгілі, сондықтан балалар, егер олар бар болса, өте кішкентай жаста толық емес отбасында қалады. 2019 жылы ажырасқандар саны 2015 жылмен салыстырғанда 25,7% көбейіп отырғанын байқауға болады (2015 жылы – 2262, 2019 жылы – 2843).

Шымкент қаласының ТМД елдерінің мәдени астанасы атануы себепті қаланың мәдениет және тілдерді дамыту саласына да зерттеу жасалынды. Осыған байланысты келесідей негізгі мағлұматтарды атап өтсек болады. Қалада 138 мәдени нысан жұмыс істейді. Оның ішінде 4 жеке меншік, 134 мемлекеттік мекеме. Бүгінде 41 қалалық кітапхана

жұмыс істейді. Ондағы кітаптардың жалпы көлемі – 916779 дана, оқырмандар саны – 824 мыңнан астам. Қала тұрғындарының бос уақыты мен демалысын өткізу үшін 30 гүлзар, 18 субұрқақ, 48 ескерткіш пен монумент бар. Соңғы жылдары мәдени шараларға қатысатын көрермендер саны айтарлықтай өсуде.

Шымкент қаласында 17 - ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады. Оның ішінде: 67,5% – қазақтар, 8,9% – орыстар, 17,7% – өзбектер, 5,9% – басқа ұлттар. Халықтар бірлігін нығайту мақсатында қалада 20 этномәдени орталық пен филиал жұмыс істейді.

Әйтсе де мәдениет саласы бойынша да проблемалық жағдайлары байқалды, атап өтер болсақ, келесідей:

- 1000 адамға есептегенде Шымкент қаласындағы кітапханалар көрсеткіші орташа республикалық деңгейден 4,2 есе, мұражайлар – 2,2 есе төмен.
- ономастика саласында қаланың тұрғын алаптарында атауы жоқ кейбір көшелер мен көшелердің қайта атаулары байқалады;
- үшінші мегаполистің тұрғындары ретінде қала халқының жаңа менталитетін қалыптастыру.

Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша қаланың иелік етуші көрсеткіштері келесідей: қаланың спорттық нысандар саны 848 бірлікті құрады, оның ішінде: 3 - стадион, спорт залдарының жалпы саны – 249, мұз сарайы – 1, спорт кешендері – 18, жүзу бассейндері – 8, жеңіл атлетика манеждері – 1, теннис залы – 23, есу базасы – 1, ату тирі – 5, оқ атуға арналған стенд - 1, спорт алаңдары – 47.

Қалада бокс, жеңіл атлетика, велоспорт, қысқы спорт түрлері, футбол, теннис, көркем гимнастика, шығыс жекпе-жегі мектептері, балалар мен жасөспірімдерге арналған түрлі жекпе-жектері бар спорт мектептері жұмыс істейді.

Соңғы жылдары қаланың қалалық спорт мектептері спортшыларының Олимпиада ойындарында да, халықаралық турнирлерде де нәтижелері жақсарды. Алайда, бүгінгі күні халықтың спорттың коммерциялық объектілеріне қол жетімділігінің төмендігі және бұқаралық спорт түрлері бойынша мемлекеттік объектілердің жеткіліксіздігі байқалады.

Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша зерттеу жүргізу барысында бірқатар фактілерді атап өткен жөн. Мәселен, Шымкент қаласында жыл сайын 39,8 мыңнан астам жастар түрлі мамандықтары бар жоғары, мамандандырылған орта және техникалық оқу орындарынан шығарылады.

Аз қамтылған азаматтарды қолдау жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Негізгі мәселелер:

- жалдамалы жұмысшылар саны бойынша Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласымен салыстырғанда Шымкент қаласының көрсеткіші әлдеқайда төмен; өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар саны

бойынша Шымкент көрсеткіші Нұр-Сұлтан мен Алматыға қарағанда едәуір жоғары. Бұл Шымкент қаласындағы тұрақты жұмыс орындарының төмен деңгейін немесе халықтың 33% - дан астамын өз бетінше жұмыспен қамтитынын көрсетеді;

- Шымкентте жұмыссыздық деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен жоғары;
- жан басына шаққанда Шымкентте халықтың табысы басқа қалалармен салыстырғанда төмен деңгейде.

Шымкент қаласының аумағы 1,2 мың шаршы км құрайды. Бірақ төмендегідей мәселелерді шешу көзделіп отыр. Мәселен, олардың қатары келесідей:

- қаланың орталық бөлігі мен шалғай аудандардың даму үрдістерінің теңсіздігі;
- қаланың инфрақұрылымдық жүйелеріне жүктемені арттыру, шалғай аудандарда инфрақұрылымдық жүйенің болмауы;
- қаланың шалғай аудандарындағы жүйесіз, заңсыз құрылыс;
- қала ішілік және магистральдық жолдарда көліктің өткізу қабілетінің төмен деңгейі;
- санитарлық-экологиялық жағдайдың нашарлауы;
- өзін-өзі жұмыспен қамтудың және жасырын жұмыссыздықтың жоғары деңгейі.

Шымкент қаласының даму болашағында бірқатар келесідей мәселелер бар:

- шалғай аудандарды агломерация ядросымен байланыстыратын көлік инфрақұрылымын дамыту;
- қаланың инвестициялық белсенділігін арттыру;
- адам ресурстарының әлеуетін арттыру;
- қала экономикасын дамыту;
- инфрақұрылымдық жүйені дамытуды жеделдету;
- шаруашылық-тұрмыстық жағдайдың жақсаруы, мәдениеттің өркендеуі.

Салыстырмалы түрде дамыған нарықтық қатынастар жағдайында әлеуметтік саладағы мемлекеттік реттеу сөзсіз. Елде де, өңірлерде де әлеуметтік дамуды мемлекеттік реттеу

басымдықтарының қатарына мыналар кіруі тиіс:

- инновациялық саясатты жүзеге асыру, қарқынды технологиялық даму, іргелі ғылымды дамыту, ақпараттық технологияларды қолдау арқылы еңбек өнімділігінің өсуіне жәрдемдесу;
- білім беруді дамытуға және жұмыс күшінің біліктілігін арттыруға, оның экономикалық өсуіне және халықтың өмір сүру деңгейіне әсерін күшейтуге жәрдемдесу;
- зейнетақы және медициналық сақтандыру саласындағы бағдарламаларды оңтайландыру;
- инвестициялық салымдарды күшейту адами капитал, яғни білім беруге, кәсіптік даярлау мен қайта даярлауға, денсаулық сақтауға бюджеттік қаражат бөлу;
- қоршаған ортаны жақсарту, экологиялық реттегіштерді жетілдіру, әлемдік климаттың өзгеруіне байланысты тиісті саясатты әзірлеу.

Тұжырымдар

1. Әлеуметтік дамуды бағалаудың қазіргі заманғы тәсілі оның экономика, әлеуметтік сала және популяция сияқты элементтерін жан-жақты қабылдауға негізделген. Бұл әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мақсаттардың жиынтығы тұрғысынан қарастырылатын көп өлшемді үрдіс. Әлеуметтік-экономикалық даму мынадай аспектілерді қамтиды: өндіріс пен табыстың өсуі, қоғамның институционалдық, әлеуметтік және әкімшілік құрылымдарындағы өзгерістер.

2. Қаланың дамуы өндірісті кешенді және тиімді ұйымдастырумен байланысты. Жалпы әсер өндіргіш күштердің ұтымды орналасуынан, инфрақұрылымның және негізгі өндірістің дұрыс үйлесуінен құралған.

3. Жергілікті билік органдарының, бизнестің және халықтың негізгі әлеуметтік топтарының сәтті өзара іс-қимылы қазіргі уақытта және белгілі бір аумақта өте өзекті болып табылатын әлеуметтік мәселелерді жүйелі түрде шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Бримбетова Н.Ж. Модернизация территориального развития Казахстана: методология и приоритеты / Институт экономики Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан / 2011, стр.229
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми Интернет-ресурсы / Өңірлер / Шымкент қаласы / Ресми статистикалық ақпарат / Жарияланымдар / «2019 жылғы алдын-ала деректері» статистикалық жинағы / <https://stat.gov.kz/region/shymkent/official/publication/> (қаралған күні: 02.07.2020)
3. Кусаинов Х. Система регулирования социально-экономического развития региона в современных условиях / Экономика и статистика 2006 №4, стр.30-35
4. Клименко Е.Д., Меленаренко В.И. Теоретические и методологические вопросы региональных предплановых исследований / Львов 1999, стр.43
5. Сергеев И. Развитие социальной сферы: приоритеты регулирования / Проблемы теории и практики управления 2007 №1

Резюме:

Мақала мазмұны Шымкент қаласының экономика және әлеуметтік сала бойынша дамуын зерттеуге арналған. Шымкент қаласының территориялық орналасу ерекшеліктері мен географиялық орналасуы жайлы маңызды мағлұматтарды ұсына отырып, қала халқының қонақжайлылық пен бауырмалдылығы сияқты қасиеттері аталынған. Ал бұл, өз кезегінде, қаланың туризм саласы бойынша дамуына тікелей септігін тигізуші фактор болып табылады. Бірнеше жылдық статистикалық мағлұматтар қарастырыла отырып, онда әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсімін нақтылаған. Қаланың өсіп, ұлғайып, облыс көлемінен бөлініп шығуына, әрине халық өсімі тікелей байланысты болғандықтан, тұрғын үй құрылысының өсім көрсеткішін ерекше атап өткен. Спорт, мәдениет салаларындағы қала иелігіндегі спорт мектептері, спорт залдар, бассейндерді, мәдениет үйлері мен мұражайлар, сондай-ақ қаладағы саябақтар саны да айтылылып, орын алып отырған өзекті мәселелеріне жеке-жеке тоқталған. Өнеркісіп саласындағы көрсеткіштерге де тоқтала отырып, шағын жіне орта бизнестің өзекті мәселелерін сөз еткен. Аталған өзекті мәселелерді шешу бойынша шетелдік тәжірибелердегі даму бағыттары түсіндірілген. Жалпы Шымкент қаласының мегаполис аталып, елдің үшінші маңызды қаласы атануындағы барлық көрсеткіштердің дамуы жоғары болғандығын түсіндіруге негізделген.

Негізгі сөздер: қала, мегаполис, агломерация, тұрғын, халық, экономика, мәдениет, көрсеткіштер, спорт, өнеркәсіп, өндіріс.

Содержание статьи посвящено изучению развития экономической и социальной сферы города Шымкент. Рассмотрены наиболее важные сведения о географическом расположении и особенностях территориального расположения города Шымкент. Были отмечены такие качества, как гостеприимство и благосклонность населения города, что в свою очередь, способствует развитию туризма. Рассматривая статистические данные нескольких лет, уточнены рост социально-экономических показателей. Увеличение и выделение города от областной территории, конечно, напрямую связан с ростом населения, а рост населения, в свою очередь побудило роста жилищного строительства. В области спорта и культуры были перечислены количества спортивных залов, бассейнов, домов культуры и музеев, а также парков города, и соответственно отдельно были рассмотрены существующие актуальные проблемы в данных сферах. Говоря о показателях в сфере промышленности, были затронуты актуальные проблемы малого и среднего бизнеса. Были разъяснены направления развития зарубежного опыта по решению данных актуальных проблем. В целом, рассмотрены все показатели развития города, которые были влияющими показателями для роста города, благодаря которым город стал не только мегаполисом, но и городом республиканской значимости.

Ключевые слова: город, мегаполис, агломерация, население, экономика, культура, показатели, спорт, промышленность, производство.

The content of the article is devoted to the study of the development of the economic and social sphere of the city of Shymkent. The most important information about the geographical location and features of the territorial location of the city of Shymkent is considered. Such qualities as hospitality and favor of the city's population were noted, which in turn contributes to the development of tourism. Considering the statistical data of several years, the growth of socio-economic indicators has been clarified. The increase and allocation of the city from regional areas, of course, is directly linked with population growth, and population growth, in turn, prompted the growth of housing. In the field of sports and culture, the number of sports halls, swimming pools, cultural centers and museums, as well as city parks were listed, and the existing topical problems in these areas were considered separately. Speaking about the indicators in the sphere of industry, they touched upon the current problems of small and medium-sized businesses. The directions of development of foreign experience in solving these topical problems were explained. In General, all the indicators of the city's development, which were influential indicators for the growth of the city, thanks to which the city became not only a megalopolis, but also a city of national significance, are considered.

Keywords: city, megalopolis, agglomeration, population, population, economy, culture, indicators, sport, industry, production. Keywords: milk, dairy products, personal husbandries, production, processing, feed, diet, livestock population.

Авторлар туралы мәлімет:

Шінет Г.Ф. – PhD докторы, Мирас университетінің аға оқытушысы (Шымкент қаласы)

Купешева А.К. – э.ғ.к, Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті кафедрасының меңгерушісі (Шымкент қаласы)

Құлumbетова Г.Ж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Шымкент қаласының статистика департаменті Статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмыс және әкімшілік жұмыс басқармасының басшысы (Шымкент қаласы)

**«Экономика және статистика» ғылыми-ақпараттық журналы үшін
мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар**
**Требования к содержанию и оформлению статей для ежеквартального
научно-информационного журнала «Экономика и статистика»**

Мақала мазмұнына қойылатын талаптар:

1. Ұсынылатын материал журнал тақырыбына сәйкес келуі қажет.
2. Ұсынылатын материал бұрынырақ басқа басылымдарда жарияланбаған түпнұсқа болуы тиіс.
3. Аталған журналда материал жариялайтын авторлар авторлық құқықтарын сақтайды және журналға бірінші жарияланым құқығын береді. Материалды одан әрі тарату аталған журналдағы түпнұсқалық жарияланымға міндетті сілтемемен ғана мүмкін.
4. Журнал редакциясы өзіне материалды антиплагиатқа тексеру құқығын қалдырады.
5. Ұсынылатын материалдың нақты құрылымы болуы керек: мақала атауы; кіріспе; міндетті (проблема) айту; зерттеудің негізгі әдістерін, нәтижелерін және одан әрі перспективаларын суреттеу; қорытындылар. Бұдан басқа, осыған ұқсас тақырып бойынша басқа жарияланымдармен салыстырғанда аталған мақалада не бар екенін көрсету қажет.
6. Халықыралық стандарттарға сәйкес JEL жіктеуіші бойынша кодтарын көрсету қажет (http://www.aeaweb.org/jel/jel_class_system.php қараңыз).
7. Мақала соңында пайдаланылған әдебиет тізімі келтірілуі қажет (10 атаудан кем емес).
8. Мақаламен қоса проблемалар, мақсаттары және алынған нәтижелерді көрсете отырып, мақаланың мазмұнын ашатын резюме (ұсынылатын көлем қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 100-200 сөз) және негізгі сөздер (ұсынылатын көлем қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 5-7 сөз) ұсынылуы тиіс.
9. Сондай-ақ мақалаға ғылыми атағы және дәрежесі, жұмыс орны, байланыс телефоны және электрондық мекенжайын көрсете отырып, автор туралы қысқаша мәліметтер қоса берілуі қажет.
10. Зерттеу нәтижелері бойынша журналда жариялау үшін өз мақалаларын жіберетін аспиранттар мен магистранттар ғылыми басшының пікірін ұсынуы қажет немесе ғылыми басшы екінші автор болуы мүмкін.

Мәтінді ресімдеуге қойылатын талаптар:
Материалдар қазақ және орыс тілдерінде «Microsoft Word» форматында ES.kazstat@gmail.com электрондық мекенжайына ұсынылады.

1. Мәтіннің көлемі A4 форматында 5-10 бет болуы тиіс, беттері толық толтырылуы және нөмірленуі тиіс.
2. Бет шеттері: жоғары - 1,0 см, төмен - 1,0 см, оң - 1,0 см, сол - 2,0 см.

Требования к содержанию статей:

1. Предоставляемый материал должен соответствовать тематике журнала.
2. Представляемый материал должен являться оригиналом, неопубликованным ранее в других изданиях.
3. Авторы, публикующие материал в данном журнале, сохраняют за собой авторские права и предоставляют журналу право первой публикации. Дальнейшее распространение материала возможно при обязательной ссылке на оригинальную публикацию в данном журнале.
4. Редакция журнала оставляет за собой право проверки материала на антиплагиат.
5. Представляемый материал должен иметь четкую структуру: наименование статьи; введение; формулировку задачи (проблемы); описание основных методов, результатов и дальнейших перспектив исследования; выводы. Кроме того, необходимо указать, что нового несет в себе данная статья по сравнению с другими публикациями по аналогичной тематике.
6. Согласно международным стандартам следует указать коды по классификации JEL (см. http://www.aeaweb.org/jel/jel_class_system.php).
7. В конце статьи должен быть приведен список использованной литературы (не менее 10 наименований).
8. Вместе со статьей обязательно должно быть представлено резюме, раскрывающее содержание статьи с указанием проблем, целей и полученных результатов (рекомендуемый объем 100-200 слов, на казахском, русском и английском языках) и ключевые слова (рекомендуемый объем 5-7 слов, на казахском, русском и английском языках).
9. К статье так же должна быть приложены краткие сведения об авторах с указанием: ученого звания и степени, места работы, контактного телефона и электронного адреса.
10. Аспиранты и магистранты, направляющие свои статьи для публикации в журнале по результатам исследований, должны представить отзыв научного руководителя либо научный руководитель может выступить соавтором.

Требования к оформлению текста:

Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес ES.kazstat@gmail.com в формате «Microsoft Word».

1. Объем текста от 5 до 10 страниц формата A4, страницы должны быть целиком заполнены текстом и пронумерованы.

3. Мәтінді теру жалпыға бірдей стандарттарды (абзацтық шегініс, «бір» жоларалық арақашықтық және т.с.с) сақтау есебімен жүзеге асуы тиіс, шрифт түрі «Calibri», шрифт мөлшері: мақала атауы - 14, авторлардың Т.А.Ә. - 12, мәтін - 10, сілтемелер - 9.

4. Кестелік материалды ресімдеу барысында мәтінді және ұяшықтың ішіндегі сандарды тегістеуді екпін немесе бос жолдармен емес, стандарттық әдістермен орындау керек.

5. Графикалық материал, сондай-ақ «Microsoft Excel» (сканерлеусіз) форматында берілуі қажет.

6. Математикалық формулалар сондай-ақ «Microsoft Equation» (оң жақтан нөмірлеу) формула редакторында ұсынылуы тиіс.

7. Нөмірленген әдебиет тізімі алфавиттік тәртіпте (алдымен орыс тілді авторлар, сосын ағылшын тілді) келтірілуі тиіс, мәтіндегі әдебиетке сілтемелер тиісті сандармен шаршы жақшалар ішінде көрсетілуі қажет.

Аталған талаптар сақталмай ресімделген мақалалар авторға қайтарылады.

Сондай-ақ редакциялық ескертулер бар болса материал авторға қайтарылады.

Мақала жариялау немесе жарияламау туралы Редакциялық алқаның шешімі мәжіліс өткен соң 10 күннің ішінде авторға жеткізіледі.

2. Поля страницы: верхнее -1,0 см, нижнее – 1,0 см, правое – 1,0 см, левое – 2,0 см.

3. Набор текста должен быть осуществлен с учетом соблюдения общепринятых стандартов (абзацные отступы, «одинарный» межстрочный интервал и тп.), тип шрифта «Calibri», размер шрифта: заголовок статьи - 14, Ф.И.О. авторов - 12, текст - 10, сноски - 9.

4. При оформлении табличного материала выравнивание текста и цифр внутри ячеек необходимо выполнять только стандартными способами, а не с помощью пробелов или пустых строк.

5. Графический материал должен быть представлен так же в формате «Microsoft Excel» (без сканирования).

6. Математические формулы должны быть представлены так же в редакторе формул «Microsoft Equation» (нумерация с правой стороны).

7. Пронумерованный список литературы должен быть приведен в алфавитном порядке (сначала русскоязычные авторы, а затем англоязычные), ссылки на литературу в тексте указаны соответствующей цифрой в квадратных скобках.

Статьи, оформленные без соблюдения данных требований, возвращаются автору.

При наличии редакционных замечаний материал так же возвращается автору на доработку.

Решение Редакционной коллегии об опубликовании статьи либо об отказе доводится до автора в течение 10 дней после заседания.